

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 26 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 20, 257-құжат; N 24, 336-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "мерзімнен тыс қызметтегі қызметшілерге" және " мерзімнен тыс қызметтегі қызметшілерін" деген сөздер тиісінше "келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге" және "келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"арнайы мақсаттағы бөлімшелер;
ішкі әскерлердің әскери полициясы";

3) 4-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтарында орналасқан және қоғамдық тәртіпті қорғау, түзеу мекемелерін күзету жөніндегі және төтенше жағдайлар кезіндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі әскерлерге жүктелген басқа да тапсырмаларды шешу жөніндегі міндеттерді орындайтын ішкі әскерлер бөлімдері мен құрамаларының командирлеріне қатысты аға оперативтік бастықтар болып табылады.";

4) 8-баптың үшінші абзацындағы "міндетті" деген сөз алып тасталсын;

5) 12-баптың екінші бөлігіндегі "Көлік және коммуникация министрлігі" деген сөздер "Байланыс саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 13 - б а п т а :

тақырыбы мен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары:";

е к і н ш і а б з а ц т а :

"Ішкі әскерлер Қолбасшысының" деген сөздер "Ішкі істер министрінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(жағдаяттардың)" деген сөз алып тасталсын, "жағдаяттардың" деген сөз " жағдайлардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 1 6 - б а п т а :

екінші бөліктегі "міндетті" деген сөз алып тасталсын, "әскери атағы" деген сөздер " әскери атақтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "еңбек туралы заңдармен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 2 0 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "қолданылып жүрген заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "келтірілген залалдың орнын Заңда белгіленген тәртіппен толтыруға" деген сөздер "келтірілген залалдың орнын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен толтыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 21-баптың үшінші абзацында мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

10) 23-баптың бесінші бөлігіндегі "заңда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 2 7 - б а п т а :

"ІБ-лар бастықтары" деген сөздер "облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ішкі әскерлер Қолбасшысының" деген сөздер "Ішкі істер министрінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 33-баптың екінші бөлігіндегі "мемлекеттік және ведомстволық тұрғын үй қорының" деген сөздер "мемлекеттік тұрғын үй қорының" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 34-баптағы "тиісті бюджеттер қаражаттары" деген сөздер "бюджет қаражаттары " деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 38-баптағы "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 39-баптың төртінші бөлігіндегі "бюджеттік қаражаттың," деген сөздер "бюджет қаражаттарының және" деген сөздермен ауыстырылсын, ", сондай-ақ жергілікті бюджеттің" деген сөздер алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат, N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
"Осы Заң Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мәртебесін, құрылымын, өкілеттіктерін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.";

3) мәтіндегі "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа", "Жарлықты", "Жарлықтың", "Жарлықтан", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңмен", "Заңда", "Заңға", "Заңды", "Заңның", "Заңнан", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тараулардағы "I-VIII" деген цифрлар тиісінше "1-8" деген цифрлармен ауыстырылсын;

5) 4-баптың бірінші бөлігіндегі "басқармалары" деген сөз "департаменттері" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 4 - 3 - б а п т а :

екінші бөліктегі "гарнизон бойынша" деген сөздер алып тасталсын;
төртінші бөліктегі ", оларды пайдалану мен ұстау шығындарын да солар көтереді" деген сөздер алып тасталсын;

7) 5-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "басқармаларының" деген сөз "департаменттерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Ішкі істер органдары лауазымды адамдарының ішкі әскерлермен өзара іс-қимылы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтарында орналасқан ішкі әскерлер бөлімшелерінің, бөлімдері мен құрамаларының командирлеріне қатысты, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің құрылымына кірмейтін өзге де ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің басшыларына

қатысты, ал төтенше жағдайлар кезінде - оларға берілген барлық күштер үшін аға оперативтік бастықтар болып табылады.";

9) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негізі

1. Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

10) 10-баптың 1-тармағының 27) тармақшасы "іс-шараларды" деген сөзден кейін ", оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 11-баптың 1-тармағында:

33) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"33) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбелер бойынша түрлі-түсті бейнедегі көбейту-көшіру техникасын, жарылғыш, күшті әсер ететін улы заттарды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге; есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында объектілерді және үй-жайларды пайдалануға, атыс тирлері мен стендтерін ашуға, ал жеке тұлғаларға - азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтап қоюға, сақтауға және алып жүруге, әкелуге, әкетуге рұқсат беруге;

азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сақтаудың, есепке алудың, пайдаланудың, тасымалдаудың, жоюдың, әкелудің, әкетудің ережелерін белгілеуге;"

33-3) тармақшадағы ", санитарлық нормалар мен ережелерді" деген сөздер алып тасталсын;

33-4) тармақша алып тасталсын;

12) 17-баптың 1-тармағында:

5) тармақша "бұзуға" деген сөзден кейін "не оның мерзімінің өтуіне" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) әскери-қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны үшін;"

13) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Қызмет өткеруден бас тартуға байланысты шығындарды өтеу

1. Ішкі істер министрлігі оқу орындарының күндізгі бөлімдерін бітірген ішкі істер органдарының қызметкерлері ішкі істер органдарында кем дегенде бес жыл жұмыс

і с т е у г е

м і н д е т т і .

Ішкі істер органдарының қызметкері Ішкі істер министрлігінің оқу орнын бітіргеннен кейін ішкі істер органдарында одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда ол өзін оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтануға, мүліктік ризыққа жұмсалған бюджет қаражаттарын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома келісім-шарттың мерзімі аяқталғанға дейін әрбір толық өткерілмеген айға бара-бар есептеледі.

2. Әскерге шақыру жасына толған және үлгермеуі, тәртіпсіздігі үшін, сондай-ақ өз қалауы бойынша оқудан шығарылған Ішкі істер министрлігі оқу орындары күндізгі бөлімдерінің курсанттары (тыңдаушылары), егер олар оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген болса, арнайы есептен шығару үшін тұрғылықты жеріндегі әскери басқарманың органдарына жіберіледі. Олар өздерін оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтануға, мүліктік ризыққа жұмсалған бюджет қаражаттарын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома оқу орнында болудың әрбір толық айына бара-бар есептеледі.";

14) 19-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен ішкі істер органдарының кадрларында қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға және халықаралық ұйымдарға қызметке жіберілуі мүмкін.";

1 5) 2 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі істер органдарындағы қызмет - Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекет және Қазақстан халқы алдындағы қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын атқаруына байланысты мемлекеттік қызметтің айрықша түрі.";

2-тармақтың екінші сөйлемі алып тасталсын;

16) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің арнаулы атақтары

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне мынадай арнаулы атақтар беріледі:

қ а т а р д а ғ ы қ ұ р а м :

полицияның қатардағы қызметкері;

1) к і ш і б а с ш ы қ ұ р а м :

п о л и ц и я к і ш і с е р ж а н т ы ;

п о л и ц и я с е р ж а н т ы ;

п о л и ц и я а ғ а с е р ж а н т ы ;

п о л и ц и я с т а р ш и н а с ы ;

2) о р т а б а с ш ы қ ұ р а м :

п о л и ц и я к і ш і л е й т е н а н т ы ;

п о л и ц и я л е й т е н а н т ы ;

полиция аға лейтенанты;

полиция капитаны;

3) аға басшы құрам:

полиция майоры;

полиция подполковнигі;

полиция полковнигі;

4) жоғары басшы құрам:

полиция генерал-майоры;

полиция генерал-лейтенанты.

2. Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын Ішкі істер министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

3. Жоғары басшы құрамды арнаулы атақтарынан айыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қатардағы, кіші, орта және аға басшы құрамға арнаулы атақтар берудің және одан айырудың тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеде айқындалады.";

17) мынадай мазмұндағы 23-1-баппен толықтырылсын:

"23-1-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қолданылатын көтермелеулер

1. Лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз қызметі, аса маңызды әрі күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы өзге де жетістіктері үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) біржолғы ақшалай сыйақымен;

2) алғыс жариялаумен;

3) бағалы сыйлықпен марапаттаумен;

4) кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын берумен;

5) сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де көтермелеу түрлерімен көтермеленуі мүмкін.

2. Айрықша сіңірген еңбегі үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталады.";

18) мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

"24-1-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қолданылатын жазалаулар

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне мынадай тәртіптік жазалаулар:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) қызметке толық сай еместігі туралы ескерту;

- 5) атқарып жүрген лауазымынан босату;
- 6) арнаулы атағын бір саты төмендету;
- 7) ішкі істер органдарынан босату қолданылуы мүмкін.

2. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қолданылатын тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан және теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылады.";

19) 26 - бапта :

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қалауы бойынша оларға нысанды және арнайы киім-кешектің орнына ақшалай өтем төленуі мүмкін.";

6-тармақтың бірінші абзацындағы ", жұмысшылар мен қызметшілерден басқасының " деген сөздер алып тасталсын;

20) 27-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне кезекті, қысқа мерзімді, қосымша демалыстар, сырқаттануына байланысты, жүкті болуына және бала тууына байланысты демалыстар уақытында, демалысын өткізу орнына баратын және кері қайтатын жолға берілетін уақытты қоса алғанда, ақшалай ризық атқаратын лауазымы бойынша еңбек демалысына кеткен күніне алатын мөлшерде төленеді.";

21) 28-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қызметтік міндеттерін не қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің балаларына олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін ведомстволық денсаулық сақтау мекемелеріндегі медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсетуге құқық сақталады.";

22) 30-баптың 4-тармағындағы "Тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін", "жедел іздестіру, тергеу, саптағы бөлімшелерінің", "олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін есепке ала отырып," деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Ішкі істер органдары қатардағы және бастықтар құрамының арнаулы атақтары туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 122-құжат; N 18, 443-құжат; 1993 ж., N 17, 420-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 185-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және бастықтар құрамы Антының тексін бекіту туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 121-құжат).

